

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым

9-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

басы	Б
1	
2	
3	
4	
5	

Егінші мен қасқыр

А. Егінші нанынан бір үзіп алды да, қасқырға берді. Нан қасқырға ұнады. Сондықтан да ол егіншіге мынадай тілек білдірді:

- Сенің тамағың дәмді екен. Менің де күн сайын тамақ жегім келеді.

Сен маған оны табудың жолын үйретші...

Ә. . - Содан соң нанды жеуге бола ма?

- Қайда әлі! Қара бидайды ору, оны баулау керек. Ол бауларды жақсылап жел қағып, күнге кептірген соң, қырманға апарып, маялау керек...

- Сонда нан бола ма?! –деп қасқыр айқайлап жіберді.

- Жоқ қара бидайды жиып алған соң, бастыру керек, бастырып болған соң, бидайды диірменге апарып, ұн ғып тарту керек.

Б. Егінші таңсәріден егін орып, шаңқай түсте демалды. Аздап тыныққан соң, қолына нан алып, жей бастады. Дәл сол кезде бір үлкен қасқыр егіншінің қасына келіп:

- Адам, не жеп отырсың? – деп сұрады.

- Нан.

- Маған да наныңнан берші!

Ғ. -Сонда жеуге бола ма?

- Жоқ, әлі! Қамыр ашытып, оны илеп, пісіру керек...

- Сонда нан бола ма?

- Иә, сонда нан болып, жеуге жарайды, – деді егінші.

В. - Бұл өте ауыр әрі көп уақыт кететін жұмыс екен. Мұны кәсіп етпей-ақ қояйын, –деді қасқыр.

Г. Егінші қасқырға:

- Алдымен жер жыртасың, одан соң тырмалайсың, – деді.

- Содан соң нан бола ма?

- Жоқ, жерді жыртып, тырмалап боласың да, тұқымды эзірлейсің, себесің...

- Содан соң нан бола ма?

- Жоқ, жоқ! Күзде қара бидай егесің. Ол көктемде көгеріп жер бетіне шығады, ал жаз ортасында піседі.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

6. Қасқырға қандай қасиеттер тән?

- а) сараңдық, айлалық
- ә) еріншектік, жанаярлық
- б) қатыгездік, жауыздық
- в) еңбекқорлық, шапшаңдық

7. Мәтін не туралы?

- а) достық
- ә) өтірік
- б) байлық
- в) еңбек

8. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- а) Алтын алма, білім ал.
- ә) Өтірік сөз өрге баспас.
- б) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей
- в) Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.

9. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- а) нан, нан табу жолы, еңбек, ауыр жұмыс
- ә) қасқыр, егінші, нан, жер
- б) сұрақ, жеу, қара бидай, қамыр
- в) қуырылған дән, тұқым, диірмен, гүл.

10. «Егінші» сөзінің синонимін табыңыз.

- а) қызметкер
- ә) диқан
- б) етікші
- в) малшы

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Шаруа мен су патшасы

Бір шаруа балтасын суға түсіріп алады. Соның қайғысынан жағада жылап отырады. Су патшасы шаруаның дауысын естіп, өзеннен алтын балта алып шығып: «Сенің балтаң мынау ма?» - дейді.

Шаруа: «Жоқ, менің балтам бұл емес», - дейді.

Су патшасы өзеннен күміс балта алып шығады.

Шаруа: «Бұл да менің балтам емес», - дейді.

Сонан соң су патшасы шаруаның өз балтасын судан алып шығады.

Шаруа: «Міне, менің балтам осы», - дейді.

Су патшасы шаруаға риза болып, үш балтаны да беріп жібереді. Шаруа үйге келген соң, балталарын көршілеріне көрсетеді, өзінің көргендерін айтып береді.

Мұны көрген бір бай да солай етпек болады. Өзенге барып, балтасын суға тастап жіберіп, жағада жылап отырады. Су патшасы өзеннен алтын балта алып шығып: «Сенің балтаң мынау ма?» - деп сұрайды. Бай қуанып кетіп: «Менің балтам осы!», - деп айқай салады. Су патшасы жалған сөйлегендігі үшін байға алтын балтаны да, оның өз балтасын да қайтарып бермепті.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

11. Су патшасының қандай жақсылығы шаруаға ұнады?

- а) оған дос тауып берді
- ә) өз балтасын қайтарып берді
- б) өз патшалығына қонаққа шақырды
- в) алтын балта берді

12. Байды қандай қасиеті құртты?

- а) сараңдығы, тойымсыздығы
- ә) мейірімділігі, жұмсақтығы
- б) еріншектігі, жалқаулығы
- в) адалдығы, тазалығы

13. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- а) Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді.
- ә) Өтірік сөз өрге баспас.
- б) Күлме досыңа, келер басына.
- в) Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.

14. Мәтіндегі негізгі ой қандай?

- а) Су патшасы өзеннен күміс балта алып шығады.
- ә) Шаруа үйге келген соң, балталарын көршілеріне көрсетеді.
- б) Су патшасы жалған сөйлегендігі үшін байға алтын балтаны да, оның өз балтасын да қайтарып бермепті
- в) Бай қуанып кетіп: «Менің балтам осы!», - деп айқай салады.

15. Шаруаның қандай қасиеті су патшасын риза қылды?

- а) аңқаулығы
- ә) сараңдығы
- б) шыншылдығы
- в) тапқырлығы

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мына кестедегі сөздермен толықтырыңыз.

<i>қажет емес (а), пайдаланбайтын (ә), бірдей (б), орындай алады (в), орнатылды (г)</i>

Электронды пошта

Электронды пошта 1965 жылы пайда болған. Осы жылы Массачусетс техникалық институтының қызметкерлері Ноэль Моррис пен То Ван Влек MAIL бағдарламасын жазды. Бұл бағдарлама компьютерге **(16)**.

Электронды поштың жылдамдығы телефонмен **(17)**, бірақ мұнда абоненттердің бір сәтте болуы **(18)**. Электронды пошта хаттан басқа сурет, бейнемәлімет сияқты ақпараттарды да тасымалдай алады.

Қазіргі таңда электронды пошта қызметін **(19)** адам жоқ. Ғаламтор арқылы күн сайын миллиондаған адамдар жер шарының әр түкпірінде отырып-ақ талай жұмыстарын **(20)**.